Мектепалды топ	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі					
Күндері	**13.12 - 15.12.2021**				
Өтпелі тақырыптың атауы	Жаңа жылдық сыйлықтар/Новогодние подарки/New year present				
Мекеменің атауы, тобы					
Педагогтің аты-жөні					
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жаңа жыл туралы жеке әңгімелесу, балаларда жақсы көңіл-күй тудыратын ойындар ойнату. Балаларға жайлы орта қалыптастыру.				
Еңбекке баулу	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсаты. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз" Мақсаты. Балаларды өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.		
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	«Таныс пішіндер доминосы». Ойынның мақсаты. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны. Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.	Үстел үсті ойыны "Лото". Мақсаты. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала түрлерінің ұқсастықтарына қарай қандай да бір геометриялық пішінді таңдайды және соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.	Фотосуреттер қарастыру. «Жаңа жыл мейрамы». Фотосуретте бейнеленген жаңа жылдық мейрам туралы әңгімелеу.		

Таңғы жаттығу (5мин)	**Кешенді жаттығулар** Жолдарыңа үңіліп, Екі бақа жүгіріп, Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды аттап. Олар ерте тұрады, Беті-қолын жуады. Оңға-солға шайқалып, Бақылдайды ән салып. Судан шіркей табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ, нақ-нақ, Біздер айттық тақпақ.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Жаңа жылдық сыйлықтар тақырыбында әңгімелесу.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зейінділік пен байқампаздық". Жүргізуші сайлаңыздар. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмеден шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дене қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.		

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	**Сауат ашу негіздері** "[қ] дыбысы және Ққ әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу" Мақсаты: [қ] дыбысымен және әрпімен таныстырып, сөздерге дыбыстық талдау жасап білуге үйрету. *Ойын: "Қайсысы артық? Неліктен?".* **Сурет салу** "Аяздың қырау оюлары" Мақсаты: балаларға қылқалам түгінің ұшымен шаршы немесе тіктөртбұрыш пішініне жіңішке немесе жуан келген, иректелген, бұрмаланған, нүктеленген ою элементтерін салу техникасын игерту; монотипия техникасын ұштау. *Логикалық жаттығу: "Гирлянданің белгілі тізбекте жалғастыр".* **Дене шынықтыру** "Орнынан қос аяқтап қарғып, секіру" Мақсаты: балаларды орнынан қос аяқтап қарғып, 30 см биікке секіріп шығуға үйрету. *"Төбеде доп қуу" қимылды ойыны.* **Құрастыру** "Ақ денелі, ақ сақалды" Мақсаты: балаларды қалдық материал: бірреттік қағаздан жасалған табақша, тебіскі және көк түсті қатты қағазды пішінге келтіру арқылы аяз атаны құрастыру іскерліктерін үйрету. *Дидактикалық ойын: "Керісінше".*	**Математика негіздері** "Сыйлықтарды қалай үлестіреді?" Мақсаты: балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау; салмағы мен өлшемі қарама-қарсы заттардың көрсеткіштері тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға жаттықтыру. *Дамытушы жаттығу. "Оқиға қашан?".* **Сөйлеуді дамыту** "Шырша" Мақсаты: шырша туралы білімдерін кеңейту. *Дидактикалық ойыны: "Шырша жаңғақтарын жинаймыз".* **Музыка** "Щелкунчик" балеті. Мақсаты: балалардың әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеннің сипатына, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін жетілдіру. *"Үйшікте не істеп жатыр?" музыкалық - дидактикалық ойыны.* **Мүсіндеу** "Аяз атадан келетін сыйлықтың қорапшасы" Мақсаты: балаларды түрлі-түсті ермексаздардан шаршы, конус және цилиндр пішінді қорапшаларды мүсіндеуге үйрету.	**Орыс тілі** "Рассказывание по мотивам сказки. В. Одоевского ""Мороз Иванович"". Необычные загадки". Цель: расширять знания детей о зимних праздниках; познакомить с содержанием сказки "Мороз Иванович" по мотивам одноименной сказки В.Одоевского; развивать понятие о новогоднем празднике. *Музыкально-ритмическая минутка.* **Жаратылыстану** "Ақша қарды бақылау" Мақсаты: балаларды дербес шығармашылық қызметке баулу; құрдастарымен және ересектермен бірлескен іс-әрекетте қарым-қатынас жасай білуге үйрету. *Шығармашылық жаттығу: "Достарымызға хат".* **Дене шынықтыру** "Биікке секіріп шығу" Мақсаты: балаларды алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру. *"Торғай мен мысық" қимылды ойыны.* **Вариативті компонент - Ағылшын тілі** "In the country. Letter Nn" Мақсаты: жаңа сөздермен танысу, жаңа Mm әрпімен танысу. *Didactical game "Animals".*		

Серуен	Шетенді бақылау. Мақсаты. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. Мақсаты. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". Мақсаты. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". Мақсаты. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу.	Шыршаларды бақылау. Мақсаты. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен қар тазалау. Мақсаты. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". Мақсаты. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". Мақсаты. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу.	Қардың жауғанын бақылау. Мақсаты. Маусымдық құбылыс - қардың жауу туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. Мақсаты. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". Мақсаты. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". Мақсаты. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шыныңу процедуралары	Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеру, аяқты кезекпен сермеу. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	**Музыкадан ойын-жаттығулар.** "Аяз ата" Мақсаты: балалардың Аяз ата туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету. *Дидактикалық ойын: "Теңіз".* (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.** Кел, жаттайық. А. Асылбеков «Жаңа жыл» Мақсаты: балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы ойын түрлерін, қандай қыс мерекелі болатынын үйрету. (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) **Жапсырудан ойын-жаттығулар.** "Аяз ата келіп қалды". Мақсаты: : пластинография әдісін пайдаланып, Аяз ата суретінің үстіне ермексазды жапсыруға үйрету. (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) **Дидактикалық ойын.** **"Ғажайып дорба".** Мақсаты. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Цирк".** Мақсаты. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке,	**Өзін-өзі танудан ойын-жаттығулар.** "Достық әлемі". Мақсаты: "Достық" ұғымын, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. *Ойын: "Достық неден басталады, достыққа не жарасады?".* (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) **Вариативті компонент. Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.** "Сыйлықтар әзірлейік" Мақсаты: балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; заттарды сипап- сезу арқылы анықтауға жаттықтыру. *Дидактикалық ойын: "Жұбын тап".* (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) **Дамытушы ойын.** **"Қимылдар тізбегі".** Мақсаты. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу. Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегінің (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады. **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Супермаркет".** Мақсаты. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяққиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде	**Сауат ашу негіздерінен ойын-жаттығулар.** "[е] дыбысы және Ее әрпі, әріп таңбасын жазу." Мақсаты: [е] дыбысы және әрпі жайлы түсініктер қалыптастыру. [е] дыбысы мен әрпін оқуды, жазуды меңгерту. *Дидактикалық ойын: "Сөйлемді жалғастыр".* (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) **Қауіпсіз мінез-құлық негіздерінен ойын-жаттығулар.** "Дәрумендердің пайдасы" Мақсаты: балаларға адам денсаулығына дәрумендердің тигізер пайдасы туралы түсіндіру; дәрумендер қоры туралы білімдерін кеңейту; құрамында дәрумендері бар азық-түліктерді атай білуге үйрету. *"Өз үйіңді тап" қимылды ойыны.* (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) **Вариативті компонент. Жас зерттеушіден ойын-жаттығулар.** "Ғажайып сыйлықтар" Мақсаты: кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) **Дидактикалық ойын.** **"Не артық?"** Мақсаты. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты: жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Ұшақпен сапар".**		

Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.		
Серуен	Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Жаңа жылдық көңіл күй мен сыйлықтар" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу.	"Сәйкесін тап"ойыны. Үстел ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	"Жаңылтпаштар жаттау. 1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық Бес күзетші ... бес пысық. 2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім Неше кіші ішік піштім? 3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш.		
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Баланың тәрбиесі жайында сауалнама.	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.	«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама.		